

Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 688 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қазан N 1291

Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2001 жылғы 28 қыркүйектегі N 688 U010688 – Жарлығын іске асыру мақсатында және "Жалпыға бірдей әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қантардағы Заңының Z939000\_13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырысын және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2001 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу ді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шақырылушиларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшеттілген кезекшілігін ұйымдастырысын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырысын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімі бойынша мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілері мен Қарулы Күштерге, басқа әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілерін тасымалдауга жұмсалатын шығыстарды өтеуді, республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаржы шегінде тасымалдауды жүзеге асыратын

ұйымдарға тікелей олар ұсынған шоттар бойынша жүргізсін.

6. Некеде тұратын және бір баласы бар шақырылушыларды шақырудың шекті жасына дейін мерзімді өскери қызметке шақыру кейінге қалдырысын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК